



## 1-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысындағы Сарыбұлақ газ кен орнын Қытай Халық Республикасы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Зимұнай қаласына Қазақстан Республикасының «Майқапшағай» – Қытай Халық Республикасының «Зимұнай» шекаралық пункттері арқылы біріктіретін жиынтықтаушы жүйесімен «Сарыбұлақ – Зимұнай» газ құбырын (бұдан әрі – газ құбыры) салу мен пайдалануды қолдауға келісті. Газ құбырының жобалық өткізу қуаты жылына 500 млн. текше метрді құрайды.

## 2-бап

Газ құбырын жобалау, салу мен пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі – ұйымдар) :

1) қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының аумағындағы газ құбыры учаскесіне жауапты болатын «Тарбағатай Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ( қазақстандық ұйым ) ;

2) қытай тарапынан – Қытай Халық Республикасының аумағындағы газ құбыры учаскесіне жауапты болатын «Шыңжан Гуаньхэй Зимұнай ТГС даму» жауапкершілігі шектеулі қоғамы ( қытайлық ұйым ) .

Ұйымдарды өзгерту Тараптардың жазбаша келісімін талап етеді және осындай өзгерту туралы ақпарат дипломатиялық арналар арқылы беріледі.

Газ құбырын салу мен пайдаланудың негізгі қағидаттары, сондай-ақ газ құбырымен тасымалданатын табиғи газ экспортының шарттары, оның ішінде 10 жылға дейін тұрақты жеткізілім кезеңі туралы шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдар арасындағы келісімде және келісімшартта көрініс табады.

## 3-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасы шеңберінде ұйымдарға газ құбырын салу мен пайдалануға қажетті жерді, өкілеттіктер мен рұқсаттарды алуға жәрдем көрсетеді .

Ұйымдар газ құбырын тиісінше салу мен пайдалануды қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдайды.

## 4-бап

Газ құбыры арқылы газ тасымалдау жөніндегі қызметтер ұсынылған жағдайда, мұндай қызметтер көрсету Тараптар аумағындағы газ құбыры учаскелерінің

орналасуына байланысты табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы Тараптардың ұлттық заңнамасында реттеледі. Газ құбырын жобалау мен салуды қаржыландыру толығымен ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## 5-бап

Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 6-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында есепке алу аспаптарының көрсеткіштері газ құбыры арқылы өтетін газды кедендік декларациялау кезінде пайдаланылатын газ өлшеу станциясын салуға келісті. Газ тасымалдау көлемін өлшеу нәтижелерін салыстырып тексеру мақсатында Қытай Халық Республикасы аумағында Зимұнай қаласында резервтік газ өлшеу станциясы салынатын болады.

Тараптар өз мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасы шеңберінде газ құбырын салу мен пайдалану кезеңінде ұйымдарға табиғи газды шекаралық және кедендік бақылау, метрология және стандарттау саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері бойынша жәрдем көрсетеді.

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде салынған Қазақстан Республикасының аумағындағы бірыңғай газбен жабдықтау жүйесі объектілеріне газ және газбен жабдықтау саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық операторы (бұдан әрі – ұлттық оператор) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен орталық жедел-диспетчерлік басқаруды қамтамасыз ету үшін техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

## 7-бап

Табиғи газды газ құбыры арқылы жеткізу мынадай шарттарды ескере отырып, жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен жабдықтау үшін жоспарланатын инфрақұрылымның қуаты шеңберінде болуы мүмкін Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысына табиғи газ көлемін жеткізе отырып, Сарыбұлақ кен орнынан Қазақстан Республикасының ішкі нарығының газбен басым қамтамасыз етілуі, бұл ретте қазақстандық тұтынушылар үшін жеткізілетін газдың бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелуі және осы кен орнынан Қытай бағытына жеткізілетін газдың бағасынан аспауы тиіс.

Қытай Халық Республикасына Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттілігінен тыс газ көлемінің экспортталуы, бұл ретте Қытай Халық Республикасы

Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Зимұнай қаласындағы газды қайта өңдеу жөніндегі зауытта өндірілген сұйытылған табиғи газды өткізу технологиялық мұқтаждыққа пайдаланылған газдың көлемдерін және Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысында табиғи газ түрінде тұтынылған көлемдерін шегере отырып, Сарыбұлақ кен орнында өндірілетін газдың кемінде 50 %-ы көлемінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында басымдықпен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағына 50 % мөлшерінде жеткізілуге міндетті сұйытылған табиғи газдың үлесін Қытай тарапы немесе оны тиісті түрде ұсынатын уәкілетті адам, сондай-ақ Тараптардың келісуі бойынша Қазақстан Республикасында орналасқан басқа да газды қайта өңдеу жөніндегі зауыттардан тиісті көлемде сұйытылған табиғи газды жеткізу арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының аумағына жеткізілуге міндетті сұйытылған табиғи газдың көлемі осы Келісімнің 6-бабында көрсетілген Қазақстан Республикасының аумағында «Сарыбұлақ – Зимұнай» газ құбыры арқылы жеткізілетін табиғи газдың көлеміне қарай және газ өлшеу станциясының деректері арқылы есептелетін болады және ұлттық оператор мен қытай ұйымы арасындағы салыстыру актісіне қол қою жолымен ай сайын расталатын б о л а д ы ;

ұйымдар газ құбырының трассасы бойында орналасатын елді мекендердің шекараларына дейін бұруларды салу жөніндегі міндеттемелерді өздеріне алады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 557 қаулысымен.**

## **8-бап**

Қытай ұйымы өз есебінен Қазақстан Республикасының аумағында басқа газ көздерінің маңында табиғи газды сұйылту (бұдан әрі – ТГС зауыты) бойынша қазіргі заманғы зауытты жобалау мен салу жөніндегі міндеттемені өзіне алады.

ТГС зауытын газбен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан тарапы зауытты пайдалану кезеңінде газ жеткізу бойынша жәрдем көрсетеді. Сұйылтылған табиғи газды өткізу өндірілетін өнімнің жалпы көлемінің кемінде 50 %-ы көлемінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығында басым қамтамасыз етіледі.

Сұйылтылған табиғи газды өткізу бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына с ә й к е с б е л г і л е н е д і .

Осы бапта көрсетілген зауыттың Қазақстан Республикасының аумағындағы іс-әрекеті, сондай-ақ оны басқаруға қатысу талаптары 2012 жылдың аяғына дейін жекелеген халықаралық шартта реттелетін болады.

Бұл ретте, осы зауыттың салынатын орнын және оны табиғи газбен қамтамасыз ету көзін қазақстандық тарап айқындайды.

Қытай тарапы Қытай Халық Республикасы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының Зимұнай қаласындағы газды қайта өңдеу жөніндегі жаңа зауытта

шығарылатын сұйытылған газды Қазақстан Республикасының ішкі нарығын қамтамасыз ету үшін Қытайдың ішкі бағасы бойынша жеткізуді қамтамасыз етуге к е л і с е д і .

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 557 қаулысымен.

## **9-бап**

Тараптар осы Келісімнің орындалуын үйлестіруге және бақылауға жауапты мынадай мемлекеттік құзыретті органдарды тағайындайды:

- 1) қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі;
- 2) қытай тарапынан – Қытай Халық Республикасының Энергетика жөніндегі мемлекеттік б а с қ а р м а с ы .

Тараптардың бірінің мемлекеттік құзыретті органы қайта аталған немесе өзгерген жағдайда, басқа Тарап дер кезінде хабардар етілуге тиіс.

## **10-бап**

Кез келген Тараптың осы Келісімді орындауына әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында кедергілерді жою үшін қо л а й л ы ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а й д ы .

Тараптардың мемлекеттік құзыретті органдары арасындағы келіссөздерде жойылуы мүмкін болмаған осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға қатысты кез келген келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

## **11-бап**

Тараптар өзгеше келіспеген жағдайда, Тараптардың бірде-біреуі осы Келісімді іске асыру шеңберінде алған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

## **12-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **13-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді және 10 жыл бойы қолданыста болады.

Осы Келісімнің қолданылу мерзімі, егер Тараптардың кез-келгені Келісімнің

қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны басқа Тарапқа оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын ұсынбаса автоматты түрде бір жылға ұзартылады.

2012 жылғы 8 желтоқсанда Астана қаласында, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қытай Халық Республикасының  
Үкіметі үшін*

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұдан әрі Келісімнің қытай тіліндегі мәтіні берілген.**